

Ішкі туризм елдің
әл-ауқатын арттырады



3-БЕТ

Мемлекеттік қызметшінің
құқығы қалпына келтірілді



6-БЕТ

Қуаныш
ТАСТАМБЕК,
әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ
Ғылым және
жарияланым
белсенділігі
басқармасының
басшысы, PhD:

«Ағамзат
баласы үшін
ғылымның
маңызы
жоғары»



8-БЕТ

• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



Марат ТОҚАШБАЕВ,
Жазушы-публицист, профессор:

«ӘДІЛЕТІ
ҚАЗАҚСТАНДЫ
ҚҰҚЫҚТЫҚ
БАСЫЛЫМДАРСЫЗ
ҚҰРУ МҮМКІН ЕМЕС»

– Құрметті Марат Бәйділ-
дәулы, тәуелсіз еліміздің тұңғыш
құқықтық басылымдарының ашылу
тарихы Сіздің есіміңізбен тікелей
байланысты. Бұл жалпы кімнің
идеясы және ол қандай қажеттілік-
тен туды?

– Сұрақ ауқымды кезеңді қамтиды,
сондықтан, әңгімені арыдан бастаған
жөн. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қа-
зақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі
туралы конституциялық заң қабылдан-
ғаны белгілі. 1992 жылдың қаңтар, ақпан,
наурыз айларынан бастап Қазақстанның
дербестігін тиянақтау және дүниежүзіне
тәуелсіз мемлекет ретінде таныстыру
жұмыстары жүріп жатты. Соның ең
маңыздыларының бірі – 1992 жылы 2
наурызда Қазақстан БҰҰ-ға мүше болып
қабылданды.

Тәуелсіз еліміз үшін бүкіл кеңестік
идеологиядан, құқықтық тоталитарлық
«мұралардан» арылу қажеттілігі туды.
Өйткені, тоталитарлық жүйеде мемлекет
– құқықтан, яғни адам құқықтарынан
жоғары тұрады. Соның салдарынан
Кеңес өкіметі тұсында 1917 жылдан 1991
жылға дейін 74 жылда қолдан жасалған
үш ашаршылықтың, саяси қуғын-сүргін-
нің, соғыстың салдарынан қазақ халқы 10
миллиондай адамынан айырылды.

Тоталитарлық жүйе адамның құқығы
дегенді мойындамады, дүниеге ком-
мунистік, таптық көзқараспен қарады.
Халықты езіп-жаншып, өз құқықтары
бар екенін ойлай алмайтын деңгейге
төмендетті.

Егемендіктің алғашқы жылдарында
Ресейдің Свердловск қаласынан адам
құқықтары жөніндегі көрнекті маман,
заңгер Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйке-
нов Қазақстанға шақырылды. Президент-
тің құқықтық мәселелер бойынша кеңес-
шісі болды. Сол қызметте жүріп тәуелсіз
Қазақстанның 1993 жылы 28 қаңтарда
қабылданған тұңғыш Конституциясының
қабылдануына өз үлесін қосты. Нағашы-
бай Аманғалиұлы мемлекет пен құқық,
құқық пен заңдылық мәселелерін өте
жетік білетін нағыз ғалым, нағыз рефор-
матор еді. Білімділігінің арқасында көп
ұзамай Әділет министрі болды.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 4,5-беттерде)

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№24 (3653)
2 сәуір 2024



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚИЫНДЫҚТЫ БӨЛІССЕҢ АЗАЯДЫ



Қарғын судан зардап шеккен аймақ көп. Бүгінде кейбір ауылдары су астында қалған Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Ұлытау, Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Абай, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында төтенше жағдай жарияланды. Аймақтарда жағдай тұрақсыз. Көңілге дем беретіні – адам шығыны жоқ.

• ПӘРМЕН

БИШІМБАЕВ ІСІ:

СОТ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ПІКІР БІЛДІРУГЕ ТЫЙЫМ САЛДЫ

Экс-министр Қуандық Бишімбаевқа қатысты соттың кезекті отырысы жалғасуда. 9 қарашада өзінің жұбайы С.Нүкенованы өлтірді деген айыппен Қ.Бишімбаев қамауға алынған. 1 наурызда бұл іс бойынша алдын ала тыңдау күні белгіленіп, 11-12 наурыз күндері Астана қалалық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында алдын ала тыңдау өтті.

27 наурызда Қ.Бишімбаевтың ісі бойынша алқабилер іріктелді. Сол күнгі сотта марқұм С.Нүкенованың ағасы Айтбек Амангелді куәгер ретінде жауап берді. 1 сәуірдегі сот отырысында айыпталушы Қ.Бишімбаев марқұмның туыстарынан кешірім сұрады.

Мемлекеттік айыптаушы тарап өкілі, прокурор А.Аймағанова алқабилер сотының пікіріне әлеуметтік желілердің әсері болуы мүмкін екенін айтып, соттан оған шектеу қоюын өтінді.

«Бұл мән-жайлар сот талқылауының қалыпты өтуіне кедергі келтіреді және алқабилерге кері

әсерін тигізіп, олардың пікіріне нұқсан келтіруі мүмкін», – деді прокурор.

Сот отырысына қатысушылардың барлығының келісімі бойынша, судья өтінішті қанағаттандырды. Ол сот процесіне қатысушылардың барлығына әлеуметтік желілерде пікір айтудан бас тартуды ұсынды, себебі бұл алқабилер арасында теріс пікір тудырып, қылмыстық істі объективті қарауға кедергі келтіруі мүмкін екенін айтты.

Н.ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»



